- Прилад може вмикатися тільки в мережу з заземленням. Для забезпечення Вашої безпеки заземлення повинне відповідати встановленим електротехнічним нормам. Не користуйтеся нестандартними джерелами живлення або пристроями підключення.
- Перед вмиканням приладу в мережу переконайтеся, що він вимкнений.
- Не використовуйте прилад поза приміщенням. Оберегайте прилад від ударів об гострі кути. Після завершення експлуатації, чищення або поломці приладу завжди від'єднуйте його від мережі.

- Не можна переносити прилад, тримаючи його за шнур живлення. Забороняється також від'єднувати прилад від мережі, тримаючи його за шнур живлення. При вимиканні приладу з мережі тримайтеся за штепсельну вилку.
- У випадку тривалого періоду, протягом котрого прилад не буде використовуватися, зберігайте його у заводській упаковці в сухому, недоступному для дітей місці.
- Прилад і мережевий шнур повинні зберігатися так, щоб вони не потрапляли під вплив спеки, прямих сонячних променів та вологи.
- Після використання ніколи не обмотуйте шнур електроживлення навколо приладу, тому що згодом це може призвести до заломлення шнура. Завжди гладко розправляйте шнур на час зберігання.
- Заміну шнура живлення можуть здійснювати тільки кваліфіковані фахівці – співробітники сервісного центру. Некваліфікований ремонт становить пряму небезпеку для користувача.
- Не здійснюйте ремонт приладу самостійно. Ремонт повинен здійснюватися тільки кваліфікованими фахівцями сервісного центру.
- Для ремонту приладу можуть використовуватися тільки оригінальні запасні частини.
- Використання додаткових аксесуарів, що не входять до комплекту, позбавляє Вас права на гарантійне обслуговування.



**Увага!** Після завершення терміну експлуатації електроприладу не викидайте його разом зі звичайними побутовими відходами, а передайте в спеціалізований пункт для подальшої утилізації. Таким чином Ви допоможете зберегти довкілля.

## 14. ТЕХНІЧНІ ХАРАКТЕРИСТИКИ

**PWK 1732CA** - чайник електричний побутовий торговельної марки POLARIS

Напруга: 220-240 В

Частота: ~50-60 Гц

Потужність: 1800-2150 Вт

Клас захисту: I

Об'єм: 1.7 л

**Примітка:** Внаслідок постійного процесу внесення змін і вдосконалень, між інструкцією і виробом можуть спостерігатися деякі розходження. Виробник сподівається, що користувач зверне на це увагу.

## 15. ІНФОРМАЦІЯ ПРО СЕРТИФІКАЦІЮ

Конструкція приладу відповідає вимогам ТР ТС 004/2011 «Про безпеку низьковольтного обладнання», а також ТР ТС 020/2011 «Електромагнітна сумісність технічних засобів».



**Розрахунковий термін служби виробу:**

3 роки

**Гарантійний строк:**

1 рік від дня покупки

**Дата виготовлення зазначена на шильдику.**

**Виробник:**

Limited Liability Company TEXTON CORPORATION

160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

Товариство з обмеженою відповідальністю «ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН»

160 Грінтрі Драйв, Приміщення 101, місто Дувр, округ Кент, Штат Делавер, 19904, Сполучені Штати Америки.

## 16. ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ

**Виріб:** Чайник електричний побутовий

**Модель:** PWK 1732CA

Ця гарантія надається виробником як додаток до прав споживача, встановлених чинним законодавством Російської Федерації і жодним чином не обмежує їх.

Ця гарантія діє протягом 12 місяців з дати придбання виробу і забезпечує гарантійне обслуговування виробу у випадку виявлення дефектів, пов'язаних із матеріалами та роботою. У цьому випадку споживач має право, серед іншого, на безкоштовний ремонт виробу. Ця гарантія дійсна при дотриманні наступних умов:

1. Гарантійне зобов'язання поширюється на всі моделі, що випускаються компанією «TEXTON CORPORATION LLC» у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб повинен бути придбаний винятково для особистих побутових потреб. Виріб повинен використовуватися в суворій відповідності до інструкції з експлуатації, з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Обов'язки виробника за цією гарантією виконуються продавцями - вповноваженими дилерами виробника й офіційними центрами обслуговування (сервісу). Ця гарантія не поширюється на вироби, придбані в продавців, які не уповноважені виробником. Вони самостійно відповідають перед споживачем відповідно до російського законодавства.
4. Ця гарантія не поширюється на дефекти та зовнішні зміни виробу, що виникли в результаті наступних дій:
  - Хімічного, механічного або іншого впливу, потрапляння сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
  - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил і вимог техніки безпеки;
  - Нормальної експлуатації, а також звичайного зносу, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхонь (ум'ятини, подряпини, потертості), природна зміна кольору металу в т.ч. поява райдужних і темних плям, а також - корозії на металі в місцях, де пошкоджене покриття та непокритих ділянках металу;
  - Зносу деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим терміном використання;
  - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами\*;
5. Ця гарантія дійсна, якщо пред'явлена разом із оригіналом справжнього талона, оригіналом товарного чека, виданого продавцем, і виробу, в якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія дійсна тільки для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, і не поширюється на вироби, які використовуються для комерційних, промислових або професійних цілей.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до Вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

**У разі виявлення несправностей обладнання слід негайно звернутися до сервісного центру.**

\*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Постачальник не несе ніякої відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням приладу під час його транспортування, в результаті некоректного використання, а також у зв'язку з модифікацією або самостійним ремонтом приладу.

**Тұрмыстық электрлі шәйнек**  
**POLARIS**  
**Моделі PWK1732CA**

**Пайдалану жөніндегі нұсқаулық**

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз

**Мазмұны**

|  |    |
|--|----|
| 1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ.....  | 22 |
| 2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ .....   | 23 |
| 3. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....   | 23 |
| 5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ.....   | 23 |
| 6. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ .....   | 24 |
| 9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР .....                                       | 26 |
| 10. ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР .....   | 27 |
| 11. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ.....   | 27 |
| 12. ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ.....             | 27 |
| 13. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРАЛДАРМЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР..... | 29 |
| 14. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ .....   | 30 |
| 15. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ .....  | 30 |
| 16. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ .....  | 32 |

**1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, моделі PWK1732CA POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлі шәйнек (бұдан әрі мәтін бойынша – шәйнек, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

## 2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Бұл құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тек үйде тұрмыстық мақсатта және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:
  - тұрақты тұрғылықты мекенжайларда;
  - дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
  - тұруға арналған қонақ үйлерде, отельдерде, сонымен қатар басқа да тұруға арналған орындарда;
  - түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

## 3. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Электр шәйнекті тек қана ішуге жарамды суды қайнатып алу үшін қолданыңыз.



1. Құрылғының сыртқы корпусы;
2. Электрмен қоректендіру түпқояры;
3. Құрылғының тұтқасы;
4. Құрылғының қақпағы;
5. Шәйнектің шүмегі, сүзгі (сүретте көрінбейді);
6. Құрылғының қақпағын ашуға арналған батырмасы;
7. Қуатты ажыратып қосатын, яғни құрылғыны іске қосып, сөндіретін (I/O) ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырғыш тетігі;
8. Судың деңгейін қадағалау үшін арналған меже сызықтар.

## 4. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Шәйнек және оның электрмен қоректендіру түпқояры – 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
3. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.
4. Кепілдік талон – 1 дана.
5. Құралдың орамасы (полиэтилен пакеті + қорабы) – 1 дана.

## 5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

- Алғаш рет пайдаланар алдында шәйнектен орайтын барлық материалдарды ішінен және сыртынан алып тастаңыз, сонымен қатар құралдың сыртқы бетінен барлық жарнамаға қатысты жапсырмаларды алып тастаңыз.
- Құрылғының қоректендіру түпқоярын тегіс, таза, қызуға қарсы бетке орнатыңыз.

- Шәйнекке су құйып, оны бірнеше рет суық сумен шайып жіберіңіз.
- Шәйнекті оның электрмен қоректендіру түпқоярына орнатыңыз.  
*Бірінші рет қайнатып алған суды ішпеңіз, шәйнектің ішін тазарту үшін оның ішіне су құйып, оны 2 немесе 3 рет су қайнатып алуға, содан кейін сол екі -үш мәрте қайнатып алған суды төгіп тастауға кеңес беріледі.*

### **Сүзгіні орнату**

- Шәйнектің қақпағын ашыңыз да, шүмек жағында сүзгінің орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Сүзгінің дұрыс орнатылып, мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Егер сүзгіш орнатылмаған болса, оны шәйнектің шүмегіне құралдың мойын жағынан өткізіп орнату қажет, ол үшін сүзгішті, оның төменгі шығыңқы жерін шүмектің ішкі жағына орнатыңыз, яғни оның дөңес жерін шүмекке қарату қажет, содан соң жоғарғы ілмек шүмектің тесігінен өтетіндей сүзгішті солға немесе оңға бұрыңыз да, сүзгішті саңылауда тігінен орналастырыңыз. Сүзгінің дұрыс орнатылып, мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.. Шәйнектің қақпағын жабыңыз.  
*Сүзгіштің шәйнектің шүмегінде мықтап бекітілгендігін әркез тексеріңіз.*

## **6. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

### **1. Шәйнекті суық сумен толтыру**

- Шәйнекті сумен толтырмас бұрын, оны түпқоярдан алыңыз.
- Ішуге жарамды салқын суды шәйнекке шүмек арқылы немесе шәйнектің аузы арқылы құйыңыз, судың деңгейі max 1.7 L. белгісінен асыра және min 0,5 L. белгісінен төмен болмауы қажет.

### **2. Шәйнекті қосу**

**⚠ Шәйнекті желіге жалғастырмас бұрын, алдымен сіздің электр желідегі қолданылатын кернеудің электрлік параметрлері бұйымдағы (шәйнектің және түпқоярдың түбі жағында орналасқан) арнайы техникалық кестесінде көрсетілген электр параметрлеріне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.**

- Шәйнекті оның электрмен қоректендіру түпқоярына орнатыңыз.  
Құрылғының электрмен қоректендіру түпқоярына, оның электр жалғауына және электр қосылысына судың тамып кетпеуін әрдайым қадағалаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсель айыршасын ашалы розеткаға жалғастырып қосыңыз.
- Қуатты ажыратып қосатын, яғни құрылғыны іске қосып, сөндіретін (I/O) ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырғыш тетігінің басу клавишасының көмегімен, яғни тетіктің пернесіне басып, шәйнекті іске қосыңыз. Содан кейін тетіктің (клавиш) пернесіндегі индекаторлық шамы жанады.
- Суды қайнату үдерісі басталады.

### **Назар аударыңыздар!**

#### **Суы жоқ шәйнекті іске қосуға мүлдем болмайды.**

Егер Сіз кездейсоқ түрде суы жоқ шәйнекті байқамай қосқан жағдайда, оның күйіп кетуден сақтандыру жүйесі іске қосылады: сонымен шәйнектің қызу үдерісі тоқтатылады, содан кейін құрылғыны іске қосып, сөндіретін іске қосу/сөндіру ауыстырғыш тетігінің басу (клавиш) пернесіндегі индекаторлық шамы сөнеді, бірақ қуатты ажыратып қосатын (I/O) ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырғыш тетігі (I) іске қосылуы, яғни бастапқы орнатылған күйінде қалады. Сонымен бұл ауыстырғыш тетігін (O) сөндіру қалпына орнатып, шәйнекті қолмен сөндіре аласыз. Шәйнекті одан әрі пайдалану үшін, оны түпқоярдан алыңыз, содан кейін оны суық сумен толтырмас бұрын, 30 минут бойы, ол суығанша күте тұрыңыз, содан кейін оны суық сумен толтырыңыз.



### 3. Шәйнекті сөндіру

- Су қайнаған кезде шәйнек автоматты түрде сөнеді. Құрылғыны іске қосып, сөндіретін іске қосу/сөндіру ауыстырғыш тетігінің пернесіндегі индекаторлық шамы сөнеді.
- Қажет болған жағдайда Сіз қуатты ажыратып қосатын ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігінің клавишасын, яғни ауыстырғыш тетігінің пернесін «О» сөндіру қалпына орнатып, шәйнекті қолмен сөндіре аласыз.
- Бір рет қайнаған суды қайталап қайнатпаңыз.

#### **Назар аударыңыздар!**

Шәйнекті түпқоярдан алмас бұрын оның сөнгеніне көз жеткізіңіз, ол сөнбегенше оны түпқоярдан алмаңыз.

Шәйнектің қақпағы толығымен жабылмаған немесе ашық күйінде болса шәйнектің автоматты сөнуі іске қосылмайды.

- Суды шәйнектен ақырындап, аз-адап, абайлап құйыңыз. Шәйнектің ішінде қайнаған ыстық судың барын есіңізде сақтаңыз.
- Шәйнекті тек қана тұтқасынан ұстаңыз.
- Шәйнек сөнгеннен (суығаннан) кейін, шамалы 15-20 секунд өткен соң, шәйнекті қайтадан пайдалануға болады.

## 7. ТАЗАРТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

1. Шәйнекті сөндіріп, электр ток көзінен ажыратыңыз және ол суығанша күте тұрыңыз.

2. Шәйнектің сыртын сәл ғана дымқыл шүберекпен сүртіңіз

**Шәйнек құрылғыны және оның электрлік баусымын, сонымен қатар электрлік баусымның ашасын немесе электрмен қоректендіру түпқоярын суға батырып салмаңыз.**

3. Қақтан тазарту.

Шәйнектің ішкі қабырғаларында және түбінде қақ және тұнба түзілуі мүмкін, қақтың түзілуі судың қаттылығына байланысты, бұл судың құрамында тұз болғандықтан орын алады. Қақ пен тұнбалардың бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз, дер кезінде тазарту қажет. Қақ құралдың жұмысы барысында аздаған шу туғызып, қайнау барысында ұлғаюы мүмкін. Құрылғыда қақ түзілген кезде су ұзағырақ қайнайды, сонымен қатар егер сіздің шәйнегіңіз су қайнағанға дейін сөніп қалатын болса, бұл, шәйнекті қақтан тазарту керектігін білдіреді. Қақтың пайда болуы судың қаттылығына байланысты. Шәйнекті қақтан жүйелі түрде, мүмкіндігінше айына 1 рет тазартып тұрыңыз. Сіздің шәйнегіңізді қақтан тазарту үшін **лимон қышқылының ерітіндісін** пайдалануға болады:

- 25гр. Лимон қышқылын 0,5л. ыстық сумен араластырыңыз.
  - Осы қоспаны шәйнекке құйыңыз.
  - 15 минутқа қалдырыңыз.
  - Шәйнекті салқын сумен екі-үш мәрте шайыңыз.
  - Қажетіне қарай тазартуды қайталаңыз.
- Сіздің шәйнегіңізді тазарту үшін **сіркесудың әлсіз ерітіндісін** қолдануға болады.
- Бұл үшін судың 2/3 бөлігін және 6% сіркесудың 1/3 бөлігін араластырыңыз.
  - Осы қоспаны қыздыратын элемент жабылатындай етіп, шәйнекке құйыңыз, 2-3 рет қайнатыңыз да, қайнату кезеңдерінің аралығында 20 минуттық үзіліс жасап, қайнатуды қайталаңыз.
  - Шәйнекті таза сумен екі-үш мәрте шайып шығыңыз, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіп шығыңыз.
  - Қажетіне қарай тазартуды қайталаңыз.

- Сондай-ақ, Сіз құралдағы тот баспайтын болаттан жасалған қыздырғыш элементі бар шәйнек құрылғыларды қақтан **тазартуға арналған арнайы құралдарды** пайдалана аласыз. Қақтан тазартуға арналған арнайы құралдарды пайдаланған жағдайда бұл тазарту құралдарының сыртқы қаптамасындағы дайындаушының кеңестері мен нұсқауларын басшылыққа алыңыз.

### **Назар аударыңыздар!**

Шәйнектің ішкі және сыртқы жағын тазарту үшін агрессивті және абразивті заттары бар жуғыш құрылғыларды ешқашан пайдаланбаңыз. Шәйнекті қақтан тазартуға арналған ұнтақтарды пайдалану барысында суды әркез ұнтақ өндірушісінің нұсқауларына сәйкес қосыңыз. Бұл қақтан тазартуға арналған арнайы құралдарды сусыз пайдалануға болмайды.

Барлық әрекеттерді, яғни суды құю/төгу/ тазарту үдерістерін шәйнек электр ток көзінен ажыратылған кезде ғана орындау қажет.

#### **4. Сүзгіні тазарту.**

- Шәйнектің қоректендіру тұпқоярын ток көзінен ажыратыңыз, шәйнекті тұпқоярдан алыңыз. Шәйнектің ішіндегі қалған суды төгіңіз. Егер шәйнектің сыртқы беті ыстық болса, оны пайдаланбас бұрын, ол суығанша күте тұрыңыз.
- Шәйнектің қақпағын ашыңыз.
- Шәйнектің шүмегінде орналасқан сүзгіні алып шығарыңыз, ол үшін оның жоғарғы ілмегін шүмектің тесігінен өтетіндей етіп сүзгішті солға немесе оңға бұру арқылы шығарыңыз. Сүзгішті тазарту үшін, оны жылы ағын судың астында жуыңыз, оның ластанған жерлерін жұмсақ қылшақтың (құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейді) көмегімен абайлап тазартыңыз.
- Тазартылған сүзгішті өз орнына, осы Нұсқаулықтың 5 тарауында көрсетілген нұсқамаларының сипаттамаларына сәйкес орнатыңыз.

### **Назар аударыңыздар!**

Егер шәйнектің ішінде ыстық су болса, сүзгіні шығармаңыз.

## **8. ІСКЕ**

Жүзеге асыру ережелері анықталған жоқ.

## **9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Құралдарды тасымалданатын осы нақты көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құралдарды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс – бұйым сапасы мен құрылғының тұтынушылар қаптама қорабының немесе сыртқы ораманың түрін сақтау.

Құралдарды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

Құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

## 10. ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Бұйымды кәдеге жарату барысында пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.8.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

## 11. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

| Ақаулар                           | Ақаудың пайда болу себептері  | Жою тәсілдері   |
|-----------------------------------|---|---|
| Шәйнек, су қайнамас бұрын сөнеді. | Қыздыру элементінде қақ пайда болды.  | «Газарту және күтім» 5 тарауында көрсетілген нұсқауларын басшылыққа ала отырып, оның нұсқамаларына сәйкесінше шәйнекті қақтан тазартыңыз. |
| Шәйнек іске қосылмайды.           | Желілік ток көзі (ашалы розеткасы) жұмыс істемейді.   | Шәйнекті басқа (ашалы розеткаға) ток көзіне жалғастырыңыз.  |
|                                   | Қуат беретін қоректендіру баусымы ақаулы.   | Құрылғыны жөндеу үшін немесе оның бөлшектерін ауыстыру үшін авторландырылған өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.             |
|                                   | Суы жоқ шәйнекті байқамай қосқан жағдайда оның күйіп кетуден сақтандыру жүйесі іске қосылады. | Пайдаланған соң, шәйнекті суық сумен толтырмас бұрын, 30 минут бойы, ол суығанша күте тұрыңыз, содан кейін оны суық сумен толтырыңыз.     |

**!** Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

## 12. ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Шәйнекті тек қана суды қайнату үшін қолданыңыз. Шәйнекті басқа сұйықтықпен ешқашан толтырмаңыз.
- Ешқашан да суы жоқ шәйнекті іске қоспаңыз.
- Шәйнекке тек ішуге жарамды, таза, суық суды құйыңыз.

- Шәйнекті қабырғаға таяу, бөлменің бұрышына, салбырап тұрған тақтайлардың немесе ас үйлік шкафтардың астына қоймаңыз.
- Шәйнекті тек қана термоберік, яғни қызуға қарсы, құрғақ және тегіс қабатқа орналастырыңыз.
- Шәйнекті **max**1.7L белгісінен асыра және **min**0.5L. белгісінен төмен толтырмаңыз. Егер шәйнекке су тым көп құйылса, қайнаған кезде су шүмегінен ағып, шашырап кетеді.
- Салбырап тұрған электрлік баусымдар оқыс оқиғалардың себепкері болуы мүмкін, әсіресе, егер сымды балалар тартқылаған болса. Шәйнекті үстелдің шетінен/жұмыстық қабаттан барынша алыс жұмыстық қабатқа қойыңыз.
- Ешқашан шәйнекті қақпақсыз қолданбаңыз және қызу кезінде қақпақтың мұқият жабылғанын қадағалаңыз.
- Шәйнек түпқоярда тұрған кезде оған ешқашан су құймаңыз.
- Шәйнек іске қосылып, жұмыс істеп тұрғанда оны ешқашан қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Аталмыш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, білімі мен тәжірибесі жоқ немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Шәйнектің сыртқы бөлігінен ұстамаңыз (себебі, құрылғы іске қосылғаннан кейін ол қатты қызады), сондай-ақ қақпақтан шығып тұрған буға қолыңызды төсемеңіз. Шәйнекті тек қана оның тұтқасынан ұстаңыз.
- Шәйнектің ішінде қайнаған ыстық судың барын есіңізді сақтаңыз, қосымша қорғаныс үшін құралдың қақпағын ашқан кезде немесе суды шәйнектен құю барысында қолдарыңызды шәйнектің шүмегінен қауіпсіз қашықтықта ұстауға кеңес беріледі.
- Суды шәйнектен аз-аздап, абайлап құйыңыз. Ішінде қайнаған ыстық судың барын есіңізде сақтаңыз.
- Егер шәйнектің сырты, оның электрмен қоректендіретін түпқояры, сонымен қатар, қуат беретін желілік баусымы немесе желілік баусымның ашасы ақаулы болса, сондай-ақ жұмыс барысында құрылғыда қандай да ақаулық анықталған жағдайда құрылғыны қолданбаңыз.
- Шәйнекті күннің жарық сәулелерінің тікелей түсу аумағында, сонымен қатар, жылу көздерінің маңында қоймаңыз (өйткені құрылғының сыртқы бөлігі бүлінуі мүмкін).
- Құрылғыға, сондай-ақ оның электрмен қоректендіретін түпқоярына, сонымен қатар электрмен қоректендіретін түпқоярының электр жалғауына, құрылғының электр баусымына және желілік баусымның ашасына, және де қуатты ажыратып қосатын ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігінің клавишасының бетіне, яғни ауыстырғыш тетігінің пернесіне судың тиіп кетпеуін қадағалаңыз.
- Бұл шәйнекті өзге электрмен қоректендіру түпқоярымен қолданбаңыз, сондай-ақ шәйнектің электрмен қоректендіретін түпқоярын басқа шәйнекпен пайдалануға тыйым салынады.
- Шәйнекті түпқоярға орналастыру/алу барысында, оның қуатты ажыратып қосатын ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ ауыстырып қосатын тетігінің (клавишасы) пернесі (O) қалпында орналасып тұруы тиіс.
- Суды қайнатқаннан кейін шәйнектің негізгі бөлігінде судың аз ғана мөлшері (1г-ға дейін) байқалуы мүмкін, ол құралдың жұмыс істеуі барысында будың суға айналу салдары болып табылады және бұл қалыпты нәрсе болып саналады.

### 13. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРАЛДАРМЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Құрылғыны пайдалану «Тұтынушылардың электрлі орнатуларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Құрылғыны комерциялық аумақта жоғары жұмыс қарқындылығында пайдалану, бұл құрылғының шамадан тыс жүктелуіне әкеліп соғады, сонымен құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру мүмкін.
- Құрылғы осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Бұл құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның қуат беретін электр желілік баусымның ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге, жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана тексеруі тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне күмән келтірсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріп, ток көзінен ажыратыңыз.
- **Назар аударыңыздар! Құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Ылғал қолыңызбен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оны бірден электр желіден ажыратыңыз.
- Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оны бірден электр желіден ажыратыңыз. Сонымен бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Құрылғыны тек ауыспалы ток көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Қоректендірудің стандартты емес көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны электр желіге жалғастырып, қоспас бұрын, әрдайым оның өшірілу күйінде тұрғандығына, яғни құрылғының ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі сөндірулі қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін және оны тазартпас бұрын, немесе құрылғы сынып қалса, әрдайым оның электрлік ток көзінен ажыралып тұрғандығына көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны оның қуат беретін электр желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұстап желіден ажыратуға тыйым салынады. Құрылғыны электр желіден ажыратқан кезде оның желілік баусымның штепсельді айыршасынан ұстаңыз.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбаған жағдайда, құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, құрылғы құрғақ әрі таза бөлмежайда заут қорабында сақталуы тиіс.
- Құрылғы және оның қуат беретін электр желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Құрылғымен пайдаланып болған соң, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыны айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда сақтау үшін сымды жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының қуат беретін желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Электр желілік баусымын жөндеу не ауыстыру жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.

**Назар аударыңыздар!** Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

#### 14. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PWK1732CA** - POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлі шәйнек

Кернеуі: 220-240 В.

Жиілігі: ~50-60 Гц.

Қуаттылығы: 1800-2150 Вт.

Қорғаныс жіктелімі: I

Сыйымдылығы: 1.7 л.

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

#### 15. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Құрылғы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.

Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» ТР ТС 004/2011, сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» ТР ТС 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

**Кепілдік мерзімі:** 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.  
**Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының техникалық төлқұжатында көрсетілген.**

**Өндіруші:**

Limited Liability Company TEXTON CORPORATION  
160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America.

Жауапкершілігі шектеулі қоғам «ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН»

160 Гринтри Драйв, 101 бөлмежайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары.

## 16. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

**Бұйым:** Тұрмыстық электрлі шәйнек

**Моделі:** PWK1732CA

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сұйықтық төгілген жағдайда;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша аксессуарларды пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Құралды қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ құралдың функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не жоғалуы -қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құралдың метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құралдың бүлінген жерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
  - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі;
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақау табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.